

Желаев кенттік округіндегі жаңа көшеге "Мүсірғали Көпбергенов атындағы көше" атауын тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-10 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 1044 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 маусымда N 7-1-97 тіркелді

Батыс Қазақстан әділет Департаментінің 2008 жылғы 6 наурыздағы N 4-1323 Заңды бұзушылықты жою туралы ұсынысын қарап және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7, 31, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Желаев кенттік округіндегі жаңа көшеге "Мүсірғали Көпбергенов атындағы көше" атауы қосымшаға сәйкес тағайындалсын.

2. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 маусымдағы N 46-19 және Орал қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 22 ақпандағы N 411 бірлескен шешімі мен қаулысы ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім мен қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 13 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Орал қалалық мәслихатының кезектен тыс 8-ші сессиясының төрайымы

Орал қалалық мәслихаты

хатшысының міндетін атқарушы

Орал қалалық мәслихатының
2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-10
және Орал қалалық әкімдігінің
2008 жылғы 24 сәуірдегі N 1044
"Желаев кенттік округіндегі жаңа көшеге
"Мүсірғали Көпбергенов атындағы көше"
атауын тағайындау туралы"
бірлескен шешімі мен қаулысына
қосымша

1. Желаев кенті (қоса берілген сұлбаға сәйкес):
1) "Мүсірғали Көпбергенов атындағы көше".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ